

Л 2026  
1978 15

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

ЖЕТИСУДАҒЫ  
РЕСЕЙ БИЛІГІ

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

ЖЕТИСУДАФЫ  
РЕСЕЙ БИЛІГІ  
*(XIX ғ.—1917ж.)*

“Елорда”  
Астана — 2004

ББК 633 (Қаз)

К 59

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ  
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ш.Ш. Үәлиханов атындағы тарих және этнология институты

Қойгелдиев М.

К 59 Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.—1917 ж.)  
Астана: Елорда, 2004. — 216 бет.

ISBN 9965-06-385-0

Жетісу оңірі XIX ғасырдың екінші он жылдығының соңынан бастап, 1917 жылғы революциялық озгерістерге дейінгі тарихи мезгілде Ресей империясының құрамында болды. Оқырманға ұсынылып отырган зерттеу жұмысында осы мерзімде патшалық биліктің Жетісу халқын басқару және оның табиғи байлығын игеру мақсатында іске асырған шаралары талдауга алынады. Автордың мөселеғе қатысты ұстанымы көзектік тарихнаманың тұжырымдарын қайталамайды.

Кітап тарихшыға, студент жастарға, откендей білуге қүштар қалыптастырылғанда арналған.

К 050302905 - 317  
450(05) - 04

ББК 633 (Қаз)

ISBN 9965-06-385-0

© Қойгелдиев М., 2004  
© “Елорда”, 2004

Кітаптың шығуына жауапты  
баспа директоры — Т.С. Дуанбек

Ғылыми-көшілік басылым

Қойгелдиев М.

**ЖЕТИСУДАҒЫ РЕСЕЙ БИЛІГІ**  
**(XIX ғ. — 1917 ж.)**

Редакторы *T. Мәмесейіт*

Техникалық редакторы *C. Бейсенова*

Корректоры *A. Сейілова*

ИБ № 320

Теруге 28.10.2004 ж. жіберілді. Басуга 22.11.2004 ж. қол койылды. Калыбы 84x108<sup>1</sup>/<sub>12</sub>.

Каріп түрі “Таймс”. Офсеттік басылыш. Шартты баспа табагы 11,34.

Есептік баспа табагы 11,5. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 2844.

Казақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі “Елорда” баспасы,  
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.  
“Астана полиграфия”<sup>Республиканерлік</sup> көшесі. 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

## KIPIСІРЕ

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының соңында Жетісу жерінде ресейлік билік жүйесі орнаған. Бұл өнір тарихындағы жаңа кезеңді бастап берген оқиға еді. Патшалқы билік жарты ғасырлық мерзімді қамтыды. 1917 жылғы революциялық оқиғалар бүкіл империя колеміндегідей мұнда да кеңестік биліктің орнауына жол ашты. Сөйтіп Жетісу онірі тарихындағы кеңестік кезең басталды.

Жарты ғасыр мерзімге созылған патшалық билік Жетісу оніріне, оның халқының өміріне қандай жаңалықтар ала келді, монографиялық зерттеуде әңгіме осы тақырып ауқымында өрбиді. Эрбір тарихи кезең — қайталаңбайтын жалқы құбылыс. Патшалық билік тұсындағы Жетісу тарихы осы пікірдің дұрыстығын айғарттай түседі. Жетісу тарихында бұл кезеңде орын алған озгерістер одан бұрынғы да жоне одан кейінгі де озгерістерге үқсамайды. Сондай-ақ ол тұра осы мезгілде Қазақстанның басқа өнірлерін камтыған жаңа енгізулерден озгешелсуз.

Жетісу тарихына арналған сибектер біршама. Олардың арасында патшалық Ресей тұсында омір сүріп, сонында мазмұнға бай еңбектер қалдырыған Ш. Ұоліханов, Ж. Шуаков, Б. Сыртанов сиякты отандастарымыздың жасаған тұжырымдары мен пікірлері ерекше орын алады. Мәселен, Ш. Ұоліханов 1864 жылы жазған “Сот реформасы туралы жазба” еңбегінде — “Ресей оз перзенттері қатарында омір салты, түрмис-тіршілігі тұрғысынан оз халқы орыстардан, жалпы славян тектілерден мұлдем өзге тек және сенімдегі ұлыстардың басын қосып отыр. Сондықтан да әрине, хрис-тиан және отырықшы орыс жұрты үшін жобаланған қайта құрулар мен озгерістер... егер де бүгінде сол күйінде кошпелі европалық және азиялық Ресейдің өзге халықтарына да енгізілетін болса, онда ешқандай да пайдалы нәтиже бермей мағынасыз аяқталатындығы түсінікті” — деп корсетті<sup>1</sup>. Осы аталған еңбегінде ғалым орыс билігінің қазақ дала-сында орнығымен бірге озгерістердің жергілікті халықтың сот ісін де қамтығанын айтып, билер сотының қазақ халқының салт-дәстүрімен біte қайнасқанын негіздей отырып, сот жүйесіне енгізілмек озгерістерде бұл жағдайдың ескерілуғе тиістігін жақтаиды.

Жетісу тарихына қатысты мөселелер XIX ғасырдың екінші жартысы мей XX ғасыр басында жарық корген патша әкіметі шенеуніктерінің, орыс зерттеушілерінің еңбектерінде де корініс танты. Бұл ретте Н.А. Аристов, М.И. Венюков, П.И. Пашино, Д.И. Романовский, В.В. Григорьев, А.М. Никольский, Ю.Д. Южаков, А.Ф. Костенко, М.А. Терентьев, А. Иванов, Ю.В. Кологривов секілді авторлардың XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған еңбектерін<sup>2</sup> ерекше атап отуғе болады. Олардың еңбектерінде қолданылған материалдар олі күнге дейін оз құндылығын жоя қойған жок. Бірақ, аталған авторлардың еңбектері патшалық биліктің түрлі сұраныстарына лайық, ұлы державалық түрғыдан жазылып, империялық мүддеге қызмет етуі қоздеді. Мәселең, Ресейдің экспансиялық саясатын “орыстардың оркениеттік миссиясы” ретінде бағалаған М.И. Венюков, оз еңбектерінде шет аймактардағы отарлық билік жүйесін нығайта түсуге байланысты оз ұсыныстарын білдірген<sup>3</sup>. Ол империядағы генерал-губернаторлардың міндеттерінің озара айырмаланып, түрлі ведомство-ларға бағынуын жергілікті жағдайдаң ерекшеліктерімен байланыстырыды. Оның пікірінше, Түркістан генерал-губернаторының Соғыс министрлігіне бағынуы империяның онтүстікегі шекарасының беріктігін қамтамасыз етіп, олкедегі жергілікті билік орындарының “табысты” қызмет етуіне кең жол аша түсеп<sup>4</sup>.

Түркістан олкесінде патша әкіметінің жүргізген әкімшілік басқару реформалары жоғарғы биліктің қабылдаған зандақ құжаттарында, сондай-ақ бұл зандақ құжаттарға түсінік берген Н.И. Крафт, В.И. Каплун, В. Воцишинин сиякты авторлардың еңбектеріндегі<sup>5</sup> қарастырылған. Бұл авторлар Түркістанда отарлық билік орындарының жергілікті халықты европалық оркениетпен “байланыстырушы қөпір” қызметін атқаратындығын дәлелдеуге тырысып, ұлы державалық мүддесін жоғары қойды. Сондыктан да олар олкедегі жергілікті халықтың дәстүрлі сот жүйесінің, яғни казылар мен билер сотының жаңа жағдайда да оміршемдік танытуын “тағылықтың сарқыншақтары” ретінде бағалады.

Жетісу оніріндегі патша әкіметінің отарлық билік орындарының қызметі П.П. Румянцев, К.К. Пален, В. Васильев секілді жоғары мансапты орыс шенеуніктерінің еңбектеріндегі<sup>6</sup> біршама корініс тапқан. Бұл еңбектердің авторларының барлығы дерлік патша әкіметінің ариайы тапсырмасымен Түркістан олкесін зерттеп, ол жөнінде орта-

лық билік орындарына нактылы ұсыныстар берген. Осыған орай олардың еңбектерінде отарлық билік орындарының қызметін жетілдіре түсү мақсаты көзделіп. билік жүйесінің кейбір “осал тұстары” сынға алынған болатын.

ХХ ғасыр басындағы қоныс аудару қозғалысына, жер мөселесіне арналған орыс зерттеушілерінің еңбектерінде де отарлық билік орындарының қызметіне біршама қоңл болған<sup>7</sup>. Ол сибектердің копшілігінде патша окіметтінің қоныс аудару саясатына колдаушылық танытылып, жергілікті билік орындарының осы “саиси мәні бар шараны” жүзеге асырудағы “белсенділік” деңгейіне баға берілген. Дегенмен, жер мөселесіне арналған еңбектердің арасында отарлық билік орындарының жергілікті халықтың найдалануындағы жерлерді орыс шаруаларына тартып әперудегі зорлық-зомбылықтары мен айла-орекеттерін айынтауда кездеседі. Мөселен, О.А. Шкапский мен Т. Седельниковтың еңбектеріндегі<sup>8</sup> қоныс аудару мәкемелері шенеуніктерінің казактар ислігіндегі құнарлы жерлерді тартып алудына жергілікті билік орындарының еш қарсылық корсете алмай, керісінше, оларға ізгі ниеттілік танытқаны айынталған.

Патша окіметтінің қазак жеріндегі отарлық билік орындарының ұстанған саясаты ХХ ғасыр басында қазак зияллылары тарарапынан да откір сынға алынған болатын. Олардың бүл жонінде білдірген пікірлері үлттық басылымдар — “Айқап” журналы мен “Қазак” газетінде жарияланғанды<sup>9</sup>.

Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бокейхановтың “Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи” атты енбегінде<sup>10</sup> патша окіметтінің қазак даласындағы отарлық саясатының оркениеттік жүгі бар леген еуроцентристік пікірдің негізсіз екендігі әшкереленіп. ресейлік қоныс аударушылардың олкені иеленіп алғанин соң жергілікті халықтың оміріне социалықты терең модени озгерістер енгізе алмағандығы дәлелді көрсетілген.

М. Тынышпаевтың 1906 жылы “Русский Туркестан” газетінде жарияланған “Киргизы и освободительное движение” атты мақаласында<sup>11</sup> отарлық билік орындарының біріншіден, қазактарды тәуелсіз үлт ретінде жойып, бүтін олкені орыстандырып жіберуді, екіншіден, түрлі әкімшілік шаралар, нұсқаулар және ережелер арқылы қазактарды құқысыз, заңдан тыс тобырға айналдыруды, үшіншіден, оларды оздерінің атамекен жерінен айырып, наорсіз шолғе ысырып, олім құшағына айдауды коздегені ашық сынға алынған болатын.

Кеңес окіметі ориғаннан кейін 20–30 жылдары Түркістан олкесіндегі патша окіметінің отарлық саясатына және оның жергілікті билік орындарының қызметіне Г. Сафаров, Т. Рысқұлов, С. Муравейский, П.Г. Галузо, В. Лаврентьев енбектерінде<sup>12</sup> баға берілді. Бұл авторлардың барлығы дерлік патша окіметінің отарлық саясатының жергілікті халықтың шаруашылығына, мәдени оміріне тигізген көріністерін баса корсетіп, отарлық билік орындарының құрылымы мен қызметіне шолу жасаған. Г. Сафаров қоныс аударған орыс шаруалары жергілікті отарлық билік орындарының сенімді тіргіне айналды. Жергілікті халықты тонау ісінде отарлық аппаратпен пиғылда болды деген тұжырымға келеді. Мұндай пікір П.Г. Галузо тарағынан да айтылды. Ол отарлық билікті “тұземдіктерді биллеу аппараты” және “орыстық өскери-шенеуніктік аппарат” деп екіге боліп қарастырып, отарлық саясат шет аймақтарға зор қасірет алыш келді деген пікірге тоқтайды.

Отарлық билік жүйесінің казак даласына енгізілуі зор қасірет ала келгендігін С. Асфандияров пен Ф. Тоғжанов та оз енбектерінде негіздей түскен болатын<sup>13</sup>. Бірақ та, патша окіметінің отарлық саясатына қатысты мұндай пікір коп ұзамай кеңестік тарих ғылымында озгеріске түссе бастаған еді.

Кеңестер одағында тоталитарлық жүйенің орнығын, нығай түсүімен бір мезгілде кеңестік тарих ғылымы да саясаттанған түсін, орыс емес халықтардың Ресей империясы құрамына ену процесі жаңа реңк ала бастады. Осы ариада 1951 жылы “Вопросы истории” журналында М.В. Нечкина мен А.В. Якуниnnің макалалары<sup>14</sup> жарық коріп, онда “патша окіметінің отарлық саясатына қарамастан, орыс емес халықтардың Ресейге қосылуы прогрессивті құбылыс болды” деген пікірді негіздеу козделді. Бұл ғалымдардың пікірінше патша окіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген халықтарға “зор қасірет” емес, керінше оларға “болар-болмас қасірет”, ал түптеп келгенде бақыт өкелген болып шықты.

Осылайша кеңестік тарихшылар Ресейдің “экспансиялық саясаты” деген терминнің орнына “қосып алу”, “оз еркімен қосылу” деген терминдерді қолдануды әдетке айналдыра бастады. Партиялық талап және маркстік-лениндік методологияға сойкес патша окіметінің отарлық саясатын талдауға алған ғалымдар, бұл процестің зардалтарымен катар, прогресшіл жағына да коңіл аударуға тиіс болды. Кеңестік тарих ғылымындағы мұндай құбылыс С.А. Рад-

жабов, Н.А. Халфин, Е. Бекмаханов еңбектерінде<sup>15</sup> орын алды. Бұл еңбектерде жасалған тұжырымдардың мазмұнын А. Сабырхановтың Қазақстанның Ресейге қосылуына арналған еңбегінде жазылған мынандай жолдардан да аингаруға болады: “Қазақ жерлерінің Россия құрамына енүі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени мұдделеріне сай келді. Патша оқіметтің зорлық-зомбылық сипаттағы саясатына қарамастан Россияға қосылу, соз жоқ, прогрестік маңызды ие болды. ... Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ халқының көп ғасырлар бойындағы тарихында ұлы бетбұрыс кезең болып табылады”<sup>16</sup>.

Кеңестік тарих ғылымының Ресей империясының отарлық саясатының шет аймақтарға “болар-болмас қасірет” өкелгендігі жоніндегі тұжырымды қазақстандық зерттеушілер де қабылдауға мәжбүр болды. Бұл ретте біздін такырыбымызға байланысты Б. Сүлейменовтің, С. Зимановтың, Т. Құлтелеевтің, Ф. Санарғалиевтің және басқа да зерттеушілердің еңбектерін атауға болады<sup>17</sup>.

Б. Сүлейменовтің енбегінде 1867—1868 жылдардагы реформалар және оның нәтижесінде қалыптасқан оқімшілік басқару жүйесі нақты леректі негізде талдауға алынған. Автор патша оқіметтің реформалық шаралары отарлық билікті нығайтуды қоздеді деген ойды айта отырып, бұл озгерістер оз уақытында қазақ ауылның қоғамдық-саяси дамуына да игі ықпал жасады. Олкеге капиталистік катынастардың енүіне қолайлы жағдай туғызды деп бағатайды. Осындай тұжырым патша оқіметі реформаларының құқықтық астарын қарастырған Т.М. Құлтелеев, Ф. Санарғалиев және С. Зиманов еңбектеріне де тән.

Жетису оңіріндегі Ресей империясы билік орындарының қызметі, жергілікті халықтың үлттық және әлеуметтік құрамындағы озгерістер А.Б. Геллер, А.Б. Тұрсынбаев, И.Ф. Макаров, А. Еренов, П.Г. Галузо, С.А. Сұндетов, С.Е. Толыбеков, А.А. Горячева, Л.С. Фришман, Н.Е. Бекмаханова, М.Х. Асылбеков, М. Толекова еңбектерінде негізгі мәселе немесе жанама тақырып түрінде талдауға алынған<sup>18</sup>.

Ресей империясындағы мемлекеттік басқару аппараты және жергілікті билік мәселелерін қеңестік тарих ғылымында арнайы зерттеген Н.П. Ерошкин, П.А. Зайнчковский, С.М. Троицкий болды<sup>19</sup>. Бірақ олардың еңбектерінде иштейт аймақтардағы отарлық билік орындарының қызметіне аз коңіл болінген. Дегенмен бұл авторлардың еңбектері мемлекеттік құрылыш пен бюрократиялық аппаратуралардың қызметіне қатысты мол деректерді, патша оқіметтің

нормативтік актілерін кеңінен ғылыми айналымға тартуымен ерекшеленеді.

Біз қарастырып отырған мөселеге жаңа баға беруге деген талпыныс еліміз егемендік алғанинан кейінгі кезеңде анық байқалды. Тарих ғылымының маркстік-лениндік методологияға басымдық беруден бас тарту зерттеушілерге патша қімметтіңің отарлық билік орындарының қызметтіне тың қозқарас танытуына мүмкіндік туғызды.

Қазақстанның XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы саяси дамуына ариалған Қ.Ә. Жирешишиннің еңбегінде<sup>20</sup> олкеде жүзеге асырылған және қазақ қогамының әлеуметтік, саяси, құқықтық омірінде түбекейлі озгерістер туғызған саяси-әкімшілік реформаларға талдау жасалынған. Бірақ та, бұл еңбекте реформалардың қазақ халқына тигізген зардаптары авторлың назарынан тыс қалған.

Б. Әбдірахмановың “Қазақстан тарихы: XIX ғасырдағы қіммет, басқару жүйесі және территориялық құрылым” атты кітабында<sup>21</sup> отарлық билік орындары аринайы қарастырылғанымен, оның Жетісу оқіріндегі қызметтіңің ерекшеліктеріне коніл болінбegen. Мұндай пікірді озбекстандық зерттеуші Н.А. Абдурахимовың диссертациялық жұмысына да қатысты айтуға болады<sup>22</sup>.

Ресей империясының Орталық Азиядағы отарлық саясаты және жергілікті билік орындарының қызметі батыс зерттеуілерінің еңбектерінде де корініс тапқан. Бұл ретте Ю. Скайлердің, Г. Бульджердің, А. Краусстың, Р. Пайлстың, Р. Пирстің, Г.Д. Соколдың, М.Б. Олкоттың, Д.Ж. Демконың, А. Капиелердің және басқа зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Олардың басым болігінің ғылыми тұжырымдары мен пікірлері К.Л. Есмағамбетовтың, М.Т. Лаумулиниң және К.Р. Несіпбаевың тарихнамалық еңбектерінде<sup>23</sup> талдауға ұсынылған.

Міне бұл тарихнамалық шолу патшалық Ресей билігінің тарихын жеке аймак деңгейінде зерттеудің қажеттілігін және оның ғылыми маңызын аңғартса керек. Зерттеу жұмысына тартылған деректік материалдарды мынадай бірнеше топқа жіктеуге болады: Ресми билік орындарына тән іс құжаттары, түрлі қызмет және дөрежедегі шенеуніктердің жазбалары мен талдаулары, баснасоз және статистика материалдары. Деректік материалдардың басым болігі, әрине, билік орындарына тән іс құжаттары. Шықкан козі және сипаты бойынша олар әр түрлі. Егер күндылығы жағынан алар болсақ, онда алдымен Түркістан және оның құрамындағы Жетісу оқірінің отарлық жағдайын заңдық түрғыдан бекітіп берген патша үкіметтіңің

заңдық актілерін атағанымыз жон<sup>24</sup>. Заңдық актілерден тыс күнделікті тынымсыз омір ағымы жатқандығы молім. Ал оны таңдауға алууды Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚР ОММ) және Озбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ОР ОММ) қорларында сактаулы жоғарғы және жергілікті билік орындарына төн құжаттық материалдардың маңызы ерекше. Бұл топтагы құжаттық деректер біз қарап отырған мезгілдегі Түркістан олкесі мен Жетісу оніріндегі билік жүйесінің қызметі мен жағдайын біршама жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Беретін мәліметтерінің молдыры және маңыздылығы жағынан ҚР ОММ қорларының орны ерекше. Бұл мұрағаттағы “Сергиополь сыртқы округтік приказы” (№ 1-кор), “Ұлы Жұз қазақтарының Алатау округінің бастығы” (1848—1868 ж.ж.) (№ 3-кор), “Ақмола облысының жеке менишік алтын ондірісі орындарының округтік ревизоры (1843—1916)” (13-кор), “Жерге ориаластыру және егіншілік бас баскармасының Семей ауданындағы қоныстарлыру ісінін менгерушісі. Жетісу облысы. Верный қаласы (7 кітаптан)” (19-кор), “Жетісу облыстық басқармасы” (№ 44-кор), “Верный уезі Отар болімінің приставы” (№ 47-кор), “Дала генерал-губернаторының кеңесі” (64-кор), “Верный округтік соты прокурорының комекшісі” (№ 818-кор), “Дала губернаторы Г.А. Колпаковскийдің жеке коры” (№ 825-кор) қорларында сактаулы материаллардан Жетісу жеріне орыс әкімшілігінің ені мен орынгүү барысынан, оның құрымы мен штаттағы қызметкерлерінің салық және саясатың құрамынан, отарлаушы биліктің саяси, иларашылық, сот және басқа мазмұндағы қызметінен мол мәлімет алуға болады.

Аталған қорлардағы құжаттық деректер сондай-ақ жергілікті халықтың отарлаушы биліктің шараларына катынасын белгілі бір дөрежеде түсінуге мүмкіндік туғызаты.

Тақырып бойынша деректік материалдарының күндылығы жағынан Озбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының орнын асыра бағалау мүмкін емес. Бұл мекемедегі Түркістан генерал-губернаторының кеңесі (№ 1-кор), Түркістан олкесіндегі егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасы (№ 7-кор), Түркістан аудандық бақылау болімі (№ 461-кор) қорларындағы деректік құжаттар патшалық биліктің Жетісу оніріндегі әкімшілік-басқару қызметінен ғана емес, сонымен бірге оның жер және әлеуметтік саясатынан, жергілікті халықтың арасынан шыққан тарихи тұлғаларға қатысты үстанымдарынан аса маңызды фактілік материалдар береді.

Патшалық билік тұсында Жетісу оңтінде болып откен озгерістерден хабар беретін мөлімет козі статистикалық құжаттар. Бұл ретте біздің зерттеу жұмысымыз үшін ең қажет фактілерді берген Жетісу облыстық статистикалық комитетінің материалдары болғандығын айтуымыз керек. Жетісу Облыстық Статистикалық Комитетінің үйымдық жиналышы 1879 жылы 18 желтоқсанда Верный қаласында облыс губернаторы Г.А. Колпаковскийдің торағалығымен болып отеді<sup>25</sup>. Статистикалық Комитеттің негізгі міндеттерінің бірі әрбір жыл сайын жазылатын облыс губернаторының патшага жолдаітын есебін өзірлеу еді. Есепке байланысты Орталық статистикалық комитеттің арнағы формасы бойынша мөліметтер жинастырылып, ол мөліметтер 1882 жылдан бастап “Обзор Семиреченской области” деген атисен тұрақты түрде 1913 жылға дейін жарық коріп тұрды.

“Обзорлардың” беретін статистикалық мөліметтерінің үлкен маңызын мойындай отырып, сонымен бірге ол мөліметтердің дәлдік сапасына қатысты кезінде П.Г. Галузоның берген сынни бағасымен келіспеске шарамыз жок<sup>26</sup>.

Жетісу облысы тұргындарының жалпы саны және олеуметтік құрамы жоніндегі статистикалық материалдар патшалық билік тұсында С-Петербургте екі мэрте жарық корген<sup>27</sup>. Бұл екі басылымның соңғысына 1867 жылы жүргізілген халық санағының материалдары енгізілген. 1920 жылы Жалпыресейлік ауыл шаруашылығы санағы жүріп, бұл шара Жетісу облысын да қамтыған<sup>28</sup>. Аталған статистикалық материалдардың корсетулерін салыстыра отырып, облыс халқы мени оның экономикасын динамикалық озгерісте қарастыруға мүмкіндік туады.

Ресми билік орындары құжаттарының арасынан Жетісу облысы губернаторының 1868 жылдан бастап орталық билікке үзілісіз жолдап отырған жылдық есебінің маңызын атап айту нарыз. Біз өз зерттеуімізде 1868, 1898, 1899, 1900, 1901, 1902, 1903, 1906, 1908, 1909, 1910, 1914 жылдары берілген есеп текстерін пайдаландық, ал корсетілмеген жылдары берілген есептердің тексін табу мүмкін болмады. Губернатордың есебі облыс өмірінің түрлі салаларындағы негізгі жаналықтарды анықтап, олардың озгеру немесе осу динамикасын бақылауға, сол арқылы онір өмірінің жалпы болмысын тереңірек түсінуге жол ашады. Сонымен бірге бұл есептерден жергілікті басшылық орындарының орталық үкімет алдында ылғи да тындырымды іс бітіріп жатқандай корінуге тырысқандығын анғару әрине қыынға түспейді.

Ресейдегі мемлекеттік басқару аппаратының қызметін бақыларап отыру мақсатында патшаның тікелей нұскауымен сенаторлық тексеру (ревизия) откіzlіп тұрған. Сондай тексерулер Жетісу облысын да қамтыған. Біз зерттеуімізде сенатор К.К. Паленниң басқаруымен 1908—1909 жылдары жүргізілген тексерудің есебін пайдаландық<sup>29</sup>. Сенатор есебінен облыстағы билік аппараты жүйесінің қызметіне, оларда қызмет жасаған бюрократияның оз міндестіне, сондай-ақ жергілікті халықтың арыз-тілегіне, жалпы мұддесіне қатынасы жөніндегі маңызды материалдар кездестіруге болады. К.К. Пален есебі озге де өкімшілік орындарына төн материалдармен бірге алғанда онірдегі жағдайды толықырақ түсінуге мүмкіндік туғызатын күнды деректер жынтығын береді.

Зерттеу жұмысында түрлі дәреже-денгейдегі орыс өкімшілігінің шенеуніктерінің жазбалары, озара жазысқан хаттары, сондай-ақ 1867—1868 жылдары енгізілген реформалық шаралардың күесі болған Жансұлтан Шуаков, Барлыбек Сыртанов және басқа казақ зиялышарының өкімшілік орындарына жолдаған арыз-тілектері мен жарық кормеген еңбектері де ғылыми айналымға тартылды<sup>30</sup>. Әрине, бұл жазбалар мен еңбектерде берілген фактілерді басқа деректік материалдармен салыстыра отырып найдаланған жон, дегенмен оларда баяндалған фактілік материалдар мен тұжырымдарды басқа құжаттардан табу қын, сондыктан да олардың ғылыми маңызы зор.

Аса маңызды фактілік материалдар мерзімді басылым беттерінде берілген. “Туркестанские ведомости”, “Туркестанский карьер”, “Семиреченские областные ведомости”, “Вопросы колонизации”, “Қазақ” сиякты басылымдардан Жетісу облысының қоғамдық оміріне қатысты аса маңызды материалдарды кездестірдік. Әрине бұл басылымдардың саяси үстанымдарында айырмашылық бар. дегенмен оларда жарық көрген хабарлар мен талдаулардан облыс омірін түсінуге көмектесетін біраз мәлімет алуға болады.

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының деректік негізін жоғарыда баяндалған мазмұндағы материалдар құрды. Олардың жиынтығы Жетісу онірінде патшалық билік жүйесінің қалыптасу, даму және дағдарыс кезеңдерін ғылыми тұрғыдан талдауға алуға мүмкіндік берді.

Автордың үстанымына байланысты мынадай жағдайды ескерген жон. Кеңестік тарихнамада орыс билігінің Қазақстанға келіп орнығын прогрестік құбылыс ретінде карастырылғандығы мөлім. Ал ресейлік отарлауға карсы-

лық корсеткен саяси күштер күні отken феодалдық қатынастарды жақтап, коргаушылар есебінде корсетілді. Империялық жаулап алу саясатын ашықтан-ашық актауды көздейтін бұл методологиялық әдістің күні отті. Біз диссертациялық зерттеуімізде орыс әкімшілігінің Жетісу жеріне келіп орнығын капиталистік даму жолына түскен империяның арзан шикізат көздері мен озіне қолайлы рынок іздеу орекеті түрғысынан талдауға аламыз. Ал Кенесары хан бастаған жергілікті саяси күштердің ресейлік отарныңдыққа қарсылығын мемлекеттік тоуелсіздік жолында күрес есебінде бағалаймыз.

Сол сиякты Жетісу жерінде орын тепкен ресейлік билік жүйесінің көздеген мақсаты да, котерген жүргі де империялық мұдденің ауқымынан шыққан емес. Сондыктан да біз Казақстанға келіп орын тепкен ресейлік билік “күні откен хандық биліктен” жоғары болды, қазақ қоғамының жаңа даму сапасына котерілуіне жол ашты деген мазмұндағы тұжырыммен мұлдем келісе алмаймыз. Біздін пікірімізше, патшалық билік тұсында (1867-1917) Жетісу онірінде орын алған өзгерістер жергілікті халықтың омірін жаңа сапага котере алған жоқ. Керісінше, құнарлы жайылымдар мен егіншілікке жарамды жерлерден айырылған қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы терен дағдарыс жолына түсті.

Жетісулағы патшалық билік жүйесі оз қызметінде бірінші кезекке империялық мұдделер мен мақсаттарды қойып, оларды шешу барысында жергілікті халықтардың табиғи талап-тілегімен санаспай, зорлау және күштеу әдістеріне басымдылық беріп отырды. Яғни, озінің осы онірдегі жарты ғасырлық тарихында жергілікті халықтардың оміріне қатысты негізгі экономикалық, саяси және басқа қоғамдық мәселелерді шешуге келгенде патшалық билік тарихтан мәлім озге отарлаушы биліктерден айырмасы жоқ екендігін танытты.

## ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе / Собрание сочинений в пяти томах. т.4. Алма-Ата, 1985. С.77—105.

<sup>2</sup> Аристов Н.А. Усунь и кыргызы или кара-кыргызы. Очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. Бишкек, 2001. С.582; Венюков М.И. Материалы для военного обозрения наших границ в Азии / Военный сборник, 1873. 1. С. 138—159; Сонықи. Россия и Восток. СПб., 1877. 275 с.; Пашинин П.И. Туркестанский край. СПб., 1868. 312 с.; Романовский Д.И. Заметки по среднесибирскому вопросу. СПб., 1868. 68 с.; Григорьев В.В. Русская политика в отношении Средней Азии. СПб., 1874. 402 с.; Никольский А.М.

Путешествия на озеро Балхаш и в Семиреченскую область / Записки Западносибирского отделения Русского географического общества. 1885. Вып. 1. С. 117; Южаков Ю.Д. Итоги двадцатисемилетнего управления нашим Туркестанским краем. СПб., 1891. 217 с.; Костенко А.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской государственности. СПб., 1871. Сонықі. очерки Семиреченского края / Военный сборник. 1872. № 11, С. 12 - 49; Терентьев М.А. Россия и Англия в борьбе за рынок сбыта. СПб., 1878. 126 с.; Иванов А. Русская колонизация в Туркестанском крае. СПб., 1890. 74 с.; Колюгров Ю.В. Русские владения в Средней Азии. СПб., 1898. 129 с.

<sup>3</sup> Ремнев А.В. У истоков Российской имперской geopolитики: Азиатские "пограничные пространства" в исследованиях М.И. Венюкова / Исторические записки. М., 2000. № 4. С. 344—369.

<sup>4</sup> Венюков М.И. О новом разделении Азиатской России // Известия Русского географического общества. 1872. № 8. С. 322.

<sup>5</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Сборник составлен кандидатом исторических наук М.Г.Масевич. Алма-Ата, 1960. 441 с.; Крафт Н.И. Судебная система в Туркестанском крае и степных областях. Оренбург, 1898. 192 с.; Каплун В.Н. Положение об управлении Туркестанского края // Журнал министерства юстиции. 1903. № 12. С. 12—24; Вошинин В. Очерки нового Туркестана. Свет и тени колонизации. СПб., 1914. 214 с.

<sup>6</sup> Румянцев П.П. Уезды Жетысу. Алматы, 2000. 336 с.; Сонықі. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации. 1909. № 5. С. 71—109; Сонықі. Условия колонизации Семиречья // Вопросы колонизации. 1911. № 9. С. 14—28; Палин К.К. Переселенческое дело в Туркестане. СПб., 1910. 194 с.; Васильев В. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Пг., 1915. 78 с.

<sup>7</sup> Кауфман А.А. Переселение и колонизация: Мечты и действительность. СПб., 1905. 116 с.; Сонықі. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. СПб., 1903. 96 с.; Вошинин В. К законопроекту о продаже переселенческих участков // Вопросы колонизации. 1913. № 13. С. 17—24; Велецкий С. Записка о положении и нуждах переселенческого дела в Семиреченском районе. Верный, 1915. 31 с.; Сонықі. О колонизационном значении Семиречья // Вопросы колонизации. 1909. № 4. С. 91-101.

<sup>8</sup> Шкапский О.А. Переселенцы и аграрный вопрос в Семиреченской области // Вопросы колонизации. 1907. № 1. С. 19—52.; Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. СПб., 1907. 97 с.

<sup>9</sup> Байтұрсынов А. Тағы да жер жайында // Айқап, 1911. № 4. 1—4 б.; Сонықі. Қошпелі һөм отырышы норма // Казак, 1913. № 20.; Дулатов М. Жер мәселесі // Айқап, 1911. № 6. 8—10 б.; Сералин М.С. Біздің бұрынғы һөм қазіргі халіміз // Айқап, 1911. № 10. 11—14 б.; Бекейханов Э. Казак һөм жер мәселесі // Казак, 1914. № 54; Сонықі. Екі жол // Казак, 1915. № 101.

<sup>10</sup> Бекейханов А. Исторические судьбы киргизского края и его культурные успехи // Бекейхан Э. Таңдамалы. Алматы, 1995. 45—66 б.

<sup>11</sup> Тыныштаев М. Киргизы и освободительное движение // Русский Туркестан. 1906. 1 января; Сонықі. История казахского народа. Алма-Ата, 1993. С. 20—29.

<sup>12</sup> Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). М.. Госиздат, 1921. 47 с.; Муравейский С. Очерки по истории революционного движения в Средней Азии. Ташкент, 1926. 109 с.; Рыскулов Т. Об историках Туркестанской революции (По поводу одной статьи) // Туркестан, 1922, 22 ноября; Сонықі Революция и коренное население Тур-

кестана, ч. 1. Ташкент: Госиздат, 1925. 218 с.; *Галузо И.Г.* Туркестан — колония (Очерки истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). 2 — изд. Ташкент: Госиздат, 1929. 226 с.; *Лаврентьев В.* Капитализм в Туркестане (Буржуазная колонизация Средней Азии). Ленинград, 1930. 194 с.

<sup>13</sup> *Асфендияров С.* История Казахстана. Алматы, 1998. 304 с; *Тогжанов Г.* Казахский колониальный аул. М., 1934. 110 с.

<sup>14</sup> *Нечкина М.В.* К вопросу о формуле — “наименьшее зло” // Вопросы истории, 1951. № 4. С. 19—25; *Якуни А.В.* О применении понятия “наименьшее зло” в оценке присоединения к России переселенческих народностей // Вопросы истории, 1951. № 11. С. 31—42.

<sup>15</sup> *Раджабов С.А.* Роль великого русского народа в исторических судьбах народов Средней Азии. Ташкент: Фан, 1955. 210 с.; *Халфин Н.А.* Присоединение Средней Азии к России (60—90-е годы XIX в.). М., 1965. 468 с; *Бекмаханов Е.Б.* Присоединение Казахстана к России. М.: Изд. АН СССР, 1957. 340 с.

<sup>16</sup> *Сабырханов А.* Улы бетбұрыс. Алматы, 1981. 294 б.

<sup>17</sup> *Сулейменов Б.С.* Подготовка реформы 1867—1868 годов в Казахстане // Известия Казахского филиала АН СССР, 1946. № 2 (27). С. 137—148; *Сонықі Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867—1868 гг.* // Вестник АН Каз. ССР, 1951. № 2 (71). С. 118—126; *Сонықі Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX—начала XX в.в. (1867—1907 гг.).* Алма-Ата: Изд. АНКаз. ССР, 1963. 411 с.; *Зиманов С.* Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в. Алма-Ата, 1960. 320 с; *Культебеев Т.М.* Уголовное обычное право казахов. Алма-Ата, 1955. 412 с; *Сапаргалиев Г.* Карагельная политика царизма в Казахстане (1915—1917 гг.). Алма-Ата, 1966. 375 с.

<sup>18</sup> *Геллер А.Б.* Переселенческая политика царизма и колонизация Казахстана в начале XX века (1900—1919 гг.) (по материалам Семиречской области) Автореф.... М., 1954. 24 с; *Макаров И.Ф.* Казахское земледелие в конце XIX — начале XX вв. // Материалы по сельскому хозяйству и крестьянству СССР. М., 1953. С. 120—127; *Еренов А.* Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. Алма-Ата, 1960. 158 с.; *Галузо И.Г.* Колониальная система Российской империи в кануне Октябрьской революции. Алма-Ата, 1968. 160 с.; *Сонықі Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1914 годы.* Алма-Ата, 1965. 345 с.; *Сундетов С.А.* О генезисе капитализма в сельском хозяйстве Казахстана. Алма-Ата, 1970. 120 с.; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в XVII — начале XX века: Политико-экономический анализ. Алма-Ата, 1971. 633 с.; *Горянева А.А., Фришман Л.С.* Заря над Семиречьем. Алма-Ата, 1987. 192 с.; *Бекмаханова Н.Е.* Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. Последняя четверть XVIII — 60-е годы XIX в. М., 1980. 280 с.; *Сонықі.* Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. — 1917 г.). М., 1986. 243 с.; *Төлекова М.* Жетісу халқы (1897—1999 жылдар). Алматы, 2002. 282 б.

<sup>19</sup> *Ерошкин Н.П.* История государственных учреждений дореволюционной России. М., 1983. 351 с.; *Зайчиковский П.А.* Кризис самодержавия на рубеже 1870—1880-х годов. М., 1964. 509 с.; *Сонықі.* Правительственный аппарат самодержавной России в XIX веке. М., 1973. 288 с.; *Троицкий С.М.* Русский абсолютизм и дворянство. Формирование бюрократии. М., 1974. 356 с.

<sup>20</sup> *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX — начале XX веков. Алматы, 1996. 352 с.

<sup>21</sup> Абдрахманова Б.М. История Казахстана: Власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. 132 с.

<sup>22</sup> Абдурахимова Н.А. Колониальная система власти в Туркестане (вторая половина XIX — начало XX вв.). Автореф. докт. юрид. наук. Ташкент, 1994. 46 с.

<sup>23</sup> Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. Алматы, 1992. 212 с.; Лаумулин М.Т. История Казахстана конца XIX — начало XX вв. в зарубежной историографии // Известия АН РК Сер. общ. наук. 1992. № 5. С. 34—45.; Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии и Казахстана (XVIII — начало XX века), Алматы, 1997. 191 с.

<sup>24</sup> Указ Правительствующего Сената об образовании Туркестанской области. 1865 г. Указ об учреждении Туркестанского генерал-губернаторства. 1867 г. 11 июля; Проект положения об управлении Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей. 1867 г. 11 июля; Временное положение об управлении в Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской областях. 1868 г. 21 октября; Положение об управлении Туркестанского края. 1868 г. 2 июня; Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями. 1891 г. 25 марта // В кн: Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960.

<sup>25</sup> КР ОММ. 44-к., 1-т., 48259-ic, 1—2-пп.

<sup>26</sup> Қараңызы: П.Г. Галузо. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1917 гг. Алма-Ата, 1965. С. 38—44.

<sup>27</sup> Статистика Российской империи. Волости и населенные места. 1893 год. Вып. 7. Семиреченская обл. СПб., 1895; Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXV. Семиреченская обл. СПб., 1905.

<sup>28</sup> КР ПА. 666-к., 1-т., 76-ic, 1- 14-пп: Семиреченское областное статистическое управление. Предварительные итоги Всероссийской сельскохозяйственной переписи 1920 года по Пишпекскому уезду. Семиреченская область по категориям населения в сравнении с итогами Всероссийской сельскохозяйственной переписи 1917 г.; Сонда. 3-к.. 1-т.. 482-ic, 10—12-пп.: Территория, административное деление и население Джетысу до и после нациразмежевания; Социалистическое строительство в селах и аулах Семиречья 1921—1925 гг. // Документы и материалы. Ч. 1. Алматы, 1957.

<sup>29</sup> Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенный по высочайшему повелению сенатором, гофмейстером, графом К.К. Наленом. Вып. 1—18. СПб., 1909—1910.

<sup>30</sup> “Действующее Положение об управлении в степных областях. Работа написана на получение степени кандидата права действительным студентом Султаном Джан-Султаном Чуваковым”. 35 стр. Отдел рукописей и рукописных книг научной библиотеки им. Н.И. Лобачевского Казанского Государственного университета. Ед. хр. № 9175; Кенжетаев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX — начале XX вв. Казань, 1998. 87 с.: Доклад Младшего чиновника особых поручений при Военном Губернаторе Семиреченской области Бардыбека Сыртanova от 9 июня 1907 г. г. Верный. По вопросу об улучшении киргизской жизни // ОР ОММ. 1-к.. 27-т., 1222-ic, 20-п.

## **КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖЕТИСУДАҒЫ ҮСТЕМДІК ҮШІН ЕГЕСІ**

Бірі батыстан, ал екіншісі шығыстан тартылған Орынбор жөне Сібір өскери бекіністер тізбегінің 18 ғасырдың сонына қарай солтүстікте озара тоғысуы нәтижесінде Қазақстан батыс, солтүстік және шығыс жақ беттерінен қоршауға алынды. Шамамен 3 мың шақырым қашықтыққа созылған бұл шекаралық шепке арасы 25—30 шақырым 141 бекініс поселкелер орналасты. Ресей үкіметі бұдан кейінгі уақытта Батыс Сібір губерниялық әкімшілігі арқылы жүргізілген Орталық Азияға тереңдеп ену жөне онда біржола орнығы әрекетіне кірісп кетті.

Түпкі стратегиялық мақсаты Орталық Азияны озіне қарату болған Ресейдің бұл бағыттағы әрекеті, әрине, тек Жетісу арқылы ғана оріс алатын еді. Ал бұл кезде Жетісуды жара ағатын Іле озенінің шығыс жақ бетінде қытайлықтардың ықпалы байқалса, батыс бетін Қоқан хандығы билеп тостеді. Жетісу үшін талас барысында бұл екі мемлекеттің де мүмкіндігін жақсы түсінген Ресей үкіметі, түптеп келгенде мосселенің толық шешімін табуы жергілікті халықтың коніл-күйіне тәуелді екендігін дәл бағалай білді. Оның үстінен бұдан бұрын қазақ халқының Кіші жөне Орта жүз боліктерін озіне қаратып үлгерген орыс әкімшілігінің қазақ билеуші топтарымен оз мұддесі түрғысынан жұмыс жүргізу тәжірибесі жеткілікті болатын. Сол тәжірибелі пайдалана отырып генерал-лейтенант Глазенап басқарған Сібір әкімшілігі Жетісу билеуші топтарымен байланыс орнату мақсатында Сібірлік татар копестерін іске қости. Жетісу арқылы Ташкент, Бұхара әмірлігі және Хиуа хандықтарына барып қайтып жүрген татар копестері Жетісудағы жағдай жонінде орыс билік орындарына хабар жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ билеуші топтарын Сібір әкімшілігімен озара жақындастыру міндетін де қоса атқарды. Сондай-ақ бұл ойынға алдымен тартылған да Жетісу

жеріндегі Абылайхан үрпактары Сок, Әділ, Тезек сияқты сұлтандар шоғыры болды. Сібірлік татар копестерінің белсенді араласуымен жүрген бұл озара “мәмілегерлік” орекет көп үзамай оз інтижесін берді де. 1819 жылы 11 қаңтарда Ресейдің Министрлер Комитеті сұлтан Сок Абылайханов-қа қарасты Ұлы жұз қазактарының Үйсін болысын Ресей құзырына қабылдау жонінде Сыртқы істер Коллегиясын басқарушының баяндама хатын тыңдаған, Сок сұлтанды 1817 жылы жазған отінішіне сәйкес оған қарасты 55 462 адамымен, осы елге төн 802 359 бас мағымен империя құзырына қабылдау жонінде шешімге келіп, бұл иценімді патшаның бекітуіне жолдайыды. Оз ретінде император комитет ұсынысын бекіте отырып, Сок сұлтан жібермек оқілдерді қабылдауга әзірекенігін білдіріп, қазына есебінен сұлтанға мешіт және үй салуға келісімі беріп, сондай-ақ жеке сібірлік корпус командиріне Сыртқы істер министрлігі арқылы әрбір жарты жылдан соң ханының қарамағындағы қазактардың мал шаруашылығы жонінде мөлімет жолдаған отыруды тапсырады<sup>1</sup>.

Бұл құжатқа байланысты козге коріне бермейтін, деңгемен зер сала қараға аңғаруға болатын мынадай фактілерге коңыл аудару артық емес. Біріншіден, Ұлы жүздің Үйсін болысын басқаратын Сок сұлтанның отінішін Министрлер Комитетіне жеткізіп отырған Батыс Сібір әкімшілігін басқарушы губернатор генерал-лейтенант Глазенап, яғни белсенділік соның колында. Сұлтан мен Үйсін болысын билеушілердің қолы қойылған құжаттың түпнұсқасы жоқ. Ал ол құжатта белсенділік кімнің тарапынан шыққандығы айтылуы өбден мүмкін ғой. Екіншіден, Министрлер Комитеті Глазенаптың ұсынысы бойынша Ұлы жүзбен арадағы мұндай өзара жақындасу ісіне атсалысқан Сок сұлтан тоңірегіндегі Үйсін билеушілерімен бірге, сұлтанға “ықиал жасай білген” Семейлік татар копестері Абдулғазы Гумиров пен Хамит Амировке он кластиқ чинмен қоса Анна лентасындағы алтын медаль, мұсылмандық заң жолдарын жеткізген аудармашы, титулярлық кеңесші Хасан Сейфламға Анна лентасындағы алтын медаль, ағайынды татар Сафар және Құрбанқұл Құрбанбақиевтарға да түрлі сыйлық белгілейді. Осы құжатта түрлі сыйлық алушылар тізіміндеңгі сұлтан қызметіндегі екі молла да, яғни Мусагит Микманов пен Абдулла Мықлюксев те аталады<sup>2</sup>. Бұлардың да татар жүртynan болуы өбден ықтимал. Бұл іс жүзінде Жетісулық Ұлы жұз қазактарының бетін орыс әкімшілігіне бұру ісінде татар копестері, дін және іс адамдарының екеуара атқарған дедалдық қызметінен хабар беретін фактілер болса керек.

Сұлтан Сок Абылайханов оқілдерінің Петербургке патшаға барып қайтқандығы жонінде құжаттық материалдарды біз кездестіре алмадық. Дегенмен, анығы сол, Жетісу қазақтарын Қокан және Қытай ықпалынан ажыратып алу ісіне орыс әкімшілігі бұдан былайғы уақытта да зор мән берді. Генерал-лейтенант Глазенаптың орына генерал-губернаторлық қызметке келген инфanterиялық генерал Капцевич ендігі уақытта айт алу ісінде жеке сұлтанмен шектелмей, бұл процеске сұлтандар тобын тартты. Ол 1823 жылы орталық билік орындарына Ұлы жүз сұлтандарының оздеріне қарасты халқымен Ресей империясының билігіне отетіндігі жонінде айт бергендейтерін жеткізеді. Ал 1824 жылы мамыр айында Ұлы жүз қазақтарының “орыс тағына сенімділігін” білдіру иниетімен Петербургке Әділ торенің үлдары барып қайтады<sup>3</sup>.

Міне бұл әрекеттердің астарында мемлекеттік және жеке бастық мұдделердің тоғысқандығы айқын. Мөсслен, Ресей үкіметі Жетісууды озіне қарату арқылы, біріншіден, қазақ жерін озіне қосып алу процесін біржола аяқтаудан, сол арқылы, екіншіден, Орталық Азияға терсіндеп сундуен, үшіншіден, Қытай мемлекетімен арадағы шекараны анықтай отырып, онымен сауда қатынасын бір қалыңқа салудан үміттенді.

Жетісулық сұлтандардың да белгілі бір мақсаттарды қоздегені орнене, толық табиғи құбылысы. Біздің пайымдауымызша Жетісу сұлтандарының бұл мезгілде орыс әкімшілігіне ынғай таңытуына түрткі болған Қокан хан-дығының Жетісу оніріне орнатқан ауыр алым-салық тортібі еди. Қокан феодалдарының зорлығынан ыққан қазақ ауылдары коп жағдайда Қытай шекарасынан ары асып, бой тасалауға да мәжбүр болды. Қазақ ауылдарының сонынан ере барған Қокан елшілері Қытай билік орындарынан кошіп барған қазақтарды кейін қайтаруды талап етті<sup>4</sup>. Оз ретінде бұл жағдайды бақылап отырған Қытай үкіметі “Бұратаналардың озара қактығысулары үнемі болып тұратын жәйіт. Оған тәнір патшалығы ежелден араласқан емес,” — деген пікір білдіріп, шекарадан асқан қазақ ауылдарын “көрі қайтарып тастау” жонінде бүйрый береді<sup>5</sup>.

Жетісу жерінен қора-қора мал айдал кетіп отырған Қокан билсузшілерінің Қазақ ауылдарына салған алым-салығы жергілікті халыққа жеңіл тиген жоқ-тын. Ол жонінде Ұлы жүз Албан ақыны Жанкісі Отеміс олеңінен мынадай жолдарды оқимыз:

Келі тұбім деп алады,  
Үшір зекет деп алады,  
Қожақ зекет деп алады,  
Айтайын десен үрады,  
Ұрмак түгіл қырады.  
...Алдына салып айдайды,  
Ашулансақ байлайды,  
Хакім жоқ қазаққа,  
Тендік жоқ деп ойлайды.  
Ел ішінде ажарлы,  
Қызы, қатынды қоймайды,  
Жақсыларды сөгеді,  
Ат үстінен тебеді,  
Жүрексініп отырмын,  
Айттар сөзім көп еді<sup>6</sup>.

Жетісу қазактарын билеп-төстеген Қоқан хандығы оз елшілерін орыс өкімет орындарына жіберіп, Жетісу жерін өз иелігі жариялап, Сібір әкімшілігі тарапынан байқалып отырған түрлі әрекеттерді тоқтатуды талап етті. Мәселен, 1825 жылы Ташкент құшбегі Қоқан ханы атынан Омбыға елшісі Сауытбек Сұлтанбековты аттандырып, оған Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатын тапсыралы. Ол хатта мынадай пікір айтылған еді: “Қадім замандардан бері Ертіс дариясының бергі жақ бетін біз, ал арғы бетін Ресей иемденіп келе жатқан еді. Енді соңғы алғаш мәліметтерге қарағанда орыстар Ертістен бергі жаққа отіп. біздің діндеріміздің жерінде құрылыстар жүргізуде. Осы жағдайға байланысты біздің ханымыз сіздердің өкілетті адамдарыңызға осы хатты жолдай отырып, бұл құрылыстардың себебін сұрауды бұйырды: Сіз бұл істі өз бетінізше жасап жатырсыз ба, жоқ әлде жоғары мөртебелі патшаның бүйрұғымен атқарып отырсыз ба? Өз үкімет орындарыма мәлімет беруім үшін мені осы мәселеге байланысты хабардар етуініzdі сұраймын”<sup>7</sup>.

Бұл хатта көніл аудараплық жағдай қоқан-орыс қатынасына байланысты дін мәселесінің де көтерілуі еді. Ташкент құшбегі одан ары: ...“Бұдан тыскары мағлұм етерлік нәрсе мынау: Орыстар біздің мемлекетімізге сауда істерімен келіп жылдан қалып қояды, бірақ біз оларды дінімізге кіруге мәжбүрлемейміз. Олай болса, сіздер неге біздің діндерімізді өз сенімдеріңізді қабылдауға мәжбүр етесіздер? Алдыңызға бірер кісі мұқтаждықпен барса, сенім және

дініңзеге кіруді шарт етіп қоясыз! Бірер кісі кошіп баруга жай сұраса, тағы сол шартты қоясыз! Сізден осы айтылғандардың себебін маған мәлім етуіңізді сұраймын, ойткені біз дағы бұл өрекеттерге қарсы қажетті шара қарастырайық”<sup>8</sup>.

Хаттан Ташкент құшбегінің Ресеймен арадағы сауда катынасында орыс әкімшілігі тарапынан түрлі зорлық-зомбылықтарға, осірсек діни тәкаппарлыққа жол беріліп отырылғандығын ашық сынға алуы, оларды тыюға шақыруы байқалады. Дегенмен бұл арада Қокан құшбегінің екінші жакты діни сенімді құрметтеуге шақыруы байсалды саясаттан гөрі, саяси ойынға жақын корінеді. Өйткені, Қокан әмірлерінің тұра сол мезгілде бір діндегі қазак пен қырғыз халықтарына жасап отырған қиянаты Исламның ешқандай да қағидаларына сойкес келмейтін еді.

Омбы қалалық әкімшілігін басқаратын полковник Броневский Батыс-Сібір генерал-губернаторының тапсыруымен Ташкент құшбегіне жауап хат жолдайды. Онда: “Копғасырлардан бері ұлы Ресей империясы қырғыз-қазақ халықтарына және солтүстік теңізден Қара теңіз аралығындағы үлкен-кіші тайпаларға билік жүргізіп келеді. Ал казак даласы сауда салығынан тыскары Қокан әкімдеріне салық толегендігін, оларға бой ұсынғандығын ешкім де білмейді және бұл туралы мәлімет жоқ,”<sup>9</sup> — деген пікір айтылады.

Батыс Сібір әкімшілігінің берген жауабынан Ресей үкіметінің қазак даласына әскери бекіністер салып, одан әрі терендең ене тұсу пиғылынан бас тартпайтындығын, сондай-ак Жетісу қазактарының Қокан билігіне тәуелді екендігін мойында майтындығын ашық білдіру байқалады.

Сонымен, Жетісудағы Қокан әкімдерінің зорлық-зомбылығының күшеюі, бұл мәселеде Қытай билік орындарының оздерін бейтарап ұстауы, ал казак қоғамының сырттан тонген қауіптен өз бетінше корғану қабілетінің төмен болуы сұлтандар тобын Ресей үкіметінен қолдау іздеуге итермеледі. Оның үстіне 1822 жылы Орта жұз жерінде басталып кеткен әкімшілік-басқару реформасынан кейінгі уақытта Ресей Жетісу қазактары үшін де іргедегі нақты әскери күшке айнала бастаған еді.

Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанда Қокан хандығы билігінің орнауы қазак пен қырғыз халықтарының озара катынасына да жағымсыз ықпалын тигізді. Шамамен XIX ғасырдың 20-шы жылдарының басында қырғыздың Солто, Саруу атты рулары Қоканға бағынудан бас тартып ығысып,

қазақ жеріне, яғни Балқаштың батыс жақ беті, Іле өзенінің бойына кошіп келеді. Қоныс аударған қырғыздардың елінде қалған адамдары Солто мен Саруудың сонынан барғансын, коп жағдайда барымталап, жергілікті қазактардың матын айдан кетіп отырған. Бұл жағдай екі елдің ара қатынасының бұзылуына алып келген еді. Соның нотижесінде Солто мен Саруу бірер жыл қазақ жерінде тұрып, кейін кайта кошуге мәжбүр болған<sup>10</sup>.

Қазақ пен қырғыз ауылдары арасында орын алған мұндай оқиғалар жонінде Н.А. Аристов қырғыздар тарихына арналған еңбегінде Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевичтің Шығыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатына сүйене отырып мынадай факті көлтіреді. 1824 жылы Үстіккөл маңындағы қырғыз жұрты Омбыға үш би және беделді деген торт құрметті адамдарынан тұрған оқилемтігін жіберіп, Ресей құрамына енуді қалайтындықтары жонінде тілектерін білдіреді. Ал мұндай отінішке тұрткі болған негізгі себептердің бірі Үстіккөлдік қырғыздардың жоғарыда аталған Сок сұлтан басқарған Үйсін жұртымен арадағы қатынастарының шиеленісіп кетуі еді<sup>11</sup>.

Барымталық қатынас Ресей империясының құрамына енген Орта жүз қазактарынан тыс жаткан Ұлы жүз қазактары арасында да орын алды. Ол жонінде жұмыста сол кейінірек соз болады. Міне, осы жағдайдың бөрі қосыла келіп сұлтан Сок Абылайханов бастаған Ұлы жүз құрамындағы Үйсін жұртын Ресей үкіметі тәртібіне отуғе итермелейді.

Сок сұлтанның шамамен 1823—1824 жылдары тағы да жасаған жана отініштерін негізге ала отырып, соңтай-ак бұл жағдайды Балқаш колі оніріне орнығып ату үшін пайдаланып қалуды қоздеген Сібір әкімшілігі 1825 жылы мұнда подполковник Шубин бастаған әскер болімшесін шығара-ды<sup>12</sup>. Бұл әрекетке бара отырып, Сібір әкімшілігі алдына мынадай мақсаттар қойды. Біріншіден, қазақ пен қырғызды өзара жарастыра отырып, Ресейдің бейбіт пігільда екендігін білдіріп, екі халық арасында өз беделін арттыра түсуді, екіншіден, Ұлы жүз қазактарын Орта жүзде енгізілген ресейлік басқару тәртібіне даярлауды және үшіншіден, Ресей үкіметінің Жетісудағы қимыл-әрекетіне Қытай билік орындарының козін үйретуді қоздеді.

Қаратал өзені бойына жеткен Шубин әскер болімшесі Сок Абылайханов сұлтанаға арнап үй, уақытша әскер адамдары орналасатын және азық-түлік сактау үшін бірнеше

шағын құрылыштар салады. Бұл жағдай бірден шекарадағы Қытай әкімдерінің назарына шалынып, тез арада Петербургке Қытай үкіметінің наразылығы келіп жетеді. Ал Петербург болса өз жауабында Қаратал өзені бойындағы жерді Қытай мемлекетіне тиесілі жер санамайтындығын білдіреді. Бірақ бұл мезгілде Батыс Европадағы саяси қуреске біlek түрініп араласып кеткен Ресей үкіметі Қытаймен арадағы қатынаста орын алуды мүмкін шиеленіске барғысы келмеді. 1826 жылы ол Сібір басшылығына қазақ даласына терен-деп еніп жаңа құрылыштар салуды тоқтатуды, ал Соқ сұлтан-ның Қаратал бойына бекініс салып, сыртқы приказ мекемесін ашу жоніндегі ұсынысынан бас тартуды және Қаратал бойындағы өскер болімшесін кейін шакырып алу-ды тапсырды. Салынған бірнеше құрылыш бұзылды<sup>13</sup>.

Осылайша орыс үкіметінің Жетісуға тікелей бет қоюы XIX ғасырдың 40-шы жылдарына шейін, яғни 20 жылдық мерзімге шегерілді деп айтуға болады.\*

Дегенмен бұл іске қатысы бар оқиға Жетісу мен Семейдің орта тұсы Аягоз онірінде жүріп жатты. Жетісу казак өскерінің тарихына енбек арнаған Н.Леденевтің корсетуіне қарағанда, XIX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Аягоз өзенінің бойында коныс тәікен сұлтан Сарт Жошыұлы озінің бакталасы Сыбанқұл Ханқожинмен егес барысында Батыс Сібір генерал-губернаторы Вильяминовқа отініш білдіріп, Аягоз бойындағы өзіне қарасты жерден сыртқы округ ашып, Аягоз өзенінің бойына округтік приказ орталығын салуды ұсынады. Алғашында бұл ұсыныска тосын қарап, Қытай жағымен арадағы шиеленістен каймықкан орыс үкіметі, көп кешікпей Сарт Жошыұлының жобасын қабыл алады.

Ойткені Сібір мен Қытай қаласы Чугучак арасындағы сауда жолы бойында жатқан Аягөзде орын тебу, екі мемлекет арасындағы сауда қатынасын дамытуға қолайлы жағдай туғызатын еді. 1830 жылы Аягөз Сыртқы Округын құру жөнінде патша жарлығы шығып, келесі 1831 жылы қазіргі Аягөз қаласының орнында Аягоз Приказы орналасатын казыналық үйлер салына бастады<sup>14</sup>.

\* Аристов Н.А. “Кыргызы или кара-киргизы” атты еңбегінде: “Вероятно, этот китайский протест был одной из главных причин приостановки занятия земель Большой орды на двадцать лет”, (С. 473) — деп жазды.

Аягоз дуанының ашылуы белгілі дәрежеде Ресей империясының Жетісу оңіріне енүіне жеңілдік жасап, жол ашып берген оқиға болды. Орыс өскерінің Аягоз бойына келгейін естіген Қытай билік орындары мәселенің егжей-тегжейіне коз жеткізу үшін, оз өскер болімшесін жібереді. Аягозге келіп, орыс өскерін қозімен корген қытайлықтар, орыстардың “сұлтан Сарт Жошыұлының шақыруы бойынша”, оны басқа қазақ қарсыластарынан қорғау үшін келгенілгін естіп, кейін қайтады.

Дегенмен орыс қолдарының Аягоз оңіріне келуі, бұл аймақтағы қазақ ауылдарының озара барымталық есеп айырларын тоқтата алған жок. Сыбанқұл Ханқожаұлының Сарт Жошыұлы ауыльши жөне Чугучак пен Семей арасындағы сауда керуендеріне шабуылы қүшіе түспесе, бәсендеген жоқ болатын. Н.А. Аристов Петербургте жарық корген кітапқа сілтеме жасай отырын, Сыбанқұл Ханқожаұлының Сарт Жошы мен орыс керуендеріне жаулығының орши түсін оның аға сұлтандық лауазымға ілінбей қалуымен байланыстырады. Бұл оңірде мұндай күйге ұшыраған жалғыз Сыбанқұл емес-тін. Бауыры аға сұлтандықтан құр қалған Сартай сұлтан да енді ғана аяқ басқан жаңа билікке қарсылық корсетеді. Бұл екеуін де орыс өскер адамлары тұтынға алып, жер аударады<sup>15</sup>.

Қазақ қоғамына тән болған қазақ ауылдарының озара тынымсыз барымталық есеп айырысулаты, белгілі дәрежеде, Жетісу оңірінің орыс империясының құрамына енүін тездеткен факторлардың бірі еді. 1842 жылы оздерін Аягоз дуанына қарасты санайтын Ұлы жүздін Үйсін болігін басқарушы сұлтан Сок Абылайханов, Тіленші Қарынбай жөне Бейбіт билер Сібір қазактарының шекара бастығы Вишневский мен Батыс Сібір Генерал-губернаторы Горчаковка арыз жолдап, мынадай жағдайды баяндайды: “Біз, Аягоз округына қарасты Ұлы жүздік Үйсіннің Жалайыр болімінен 8-ші клас шенде сұлтан Сок Абылайханов және басқатар басымызды ие отырып төмендегі жағдайды баяндаймыз:

Осы Аягоз дуанына қарасты аға сұлтан Бексұлтан Ағапаевтың қарамағындағы болыс басқарушы сұлтан Барак Солтыбаев өз билігіндегі адамдарымен жөне Садыр-Матай қарақшыларымен коса санағанда барлығы 700 немесе 1000 адам қаралы қолмен ауылдарымызға баса коктеп кіріп, тонауға ұшыратты. Менің ұлым Әлғазы осы жауыздардың қолынан қаза таиты. Бөріміздің бірдей не малымызды, не мұлкімізді, не қазанымызды, не киім-кешегімізді, бір созбен